



# TECH GUIDE

Турнирде қолданылатын **қосымшалар:**

- Турнир **Google Meet** қосымшасы арқылы өткізіледі.
- Әрбір қатысушы **Google meet** бағдарламасын жүктеп алуы қажет!
- Барлық раундтардың сеткасын жариялау штаб және **Tabbycat** бағдарламасында, қосымша Телеграм каналда жүргізіледі.
- Барлық ақпаратты **ВК** парқшаға, Телеграмға жүктеп отырамыз!
- Раундтар нәтижесін **Tabbycat** бағдарламасынан бақылауға болады (сілтеме беріледі)

**Сілтемелер негізгі Телеграм каналға жіберіледі!  
Сол сілтемелерді келесі ойындарда да қолданасыздар!**

**Өз румыңыздың төрешісін біліп алғаннан соң сол төрешінің  
румына(аты жазылып тұрады) кіріп отырасыз!  
Рұқсатты(разрешение) төрешілер беріп отырады.**

**Егер де мәселе пайда болса Телеграмдағы чатқа  
жазасыздар!  
(телеграмдағы екі чатқа да қосылуларыңызды сұраймыз)**

## Шешім қабылдау мен ойыншыларға кері байланыс

Ойын аяқталған соң,

- егер бірнеше төреші болса, ойыншылар румнан шығуы тиіс. 20 минуттық талқылаудан кейін төрешілер Телеграм чатқа жаза отырып, ойыншыларды кері шақыра алады.
- егер бір ғана төреші болса, ойыншылар румда қалуға құқылы. Төрешіге өз микрофонын өшіріп, шешім шығаруға кеңес беріледі.
- **Ескерту:** Раунд барысында егер өз сөзіңізді айтпасаңыз не ақпарат нүктесін айтуға рұқсат берілмесе, микрофоныңыздың өшірулі болғанын қадағалап отырыңыз.

## **Төрешіге кері байланыс**

**Ойын аяқталған соң, фидбекті толық тыңдап болған кезде**

**➤ телеграм чаттағы Төрешіге кері байланыс сілтемесін толтыру міндетті.**

**Екі спикер ақылдасып, бір рет қана толтыруды сұраймыз.**

## Ақпарат нүктесін қоюдың жолдары:

- параққа ақпарат нүктесі және позицияңызды жазып (мысалы P01/AY), камераңыз арқылы көрсетіңіз;
- жай ғана камераңызды қосып, сұрақ қоюға ниетіңізді білдіріңіз;
- чатқа ақпарат нүктесін ұсыну туралы ниетіңізді білдіріңіз.

Егер **5:45** уақыт өткен кезде спикер ешбір сұрақ қабылдамаса, “соңғы мүмкіндік/сұрақ” деп, микрофоныңызды қосып, айта аласыз. Басқа жағдайларда микрофонды қоспауыңызды өтінеміз!

➤ **Спикердің айқын есту қиынға соғады...**

Егер спикерді есту қиынға соқса, чейр спикерді тоқтатып, ақаулықтарды жоюын сұрай алады. Екі минуттан соң сөз қайта жалғасуы қажет.

➤ **Спикер өшіп қалып, 2 минут ішінде қайта қосыла алмады...**

Спикер өшіп қалған кезде, раундтың чейры уақытты тоқтатады. Екі минут ішінде спикер қайта қосылмаса, спикердің уақыты әрі қарай жалғасады. Спикер қосылмаса, оның әріптесі сөзді жалғастыруға құқылы. Әріптесі сөзді жалғастырған кезде, бұл сөзге спикерлік ұпай қойылмайды, бұл сөз жекелей бағаланбайды. Әріптесі сөзді жалғастырмауға құқылы, бұл жағдайда спикердің сөзі бағаланады, спикерлік ұпай қойылады.

➤ **Раунд төрешісі раундтан шығып кетті...**

Раундта қосымша төреші болса, оған чейр қызметі тағайындалады, бірнеше қосымша төреші болса, БТлар чейр қызметін атқаратын төрешіні тағайындайды, қосымша төреші болмаған жағдайда ұйымдастырушыларға хабарласыңыздар.

➤ **Раунд қатысушысы басқа сөздің спикерінде кедергі келтірді...**

Спикердің сөзі кедергі келтірген адамнан бөгет жасауын доғарғанға дейін тоқтатылады.

Егер басқа спикерлерге кедергі келтіру бірнеше рет қайталанса, қатысушы турнирден шеттетіледі.

➤ **Тұтас топ (фракция) раундтан шығып кетті...**

Егер тұтас топ раундтан шығып кетіп, 2 минут ішінде кері қосылмаса, ұйымдастырушыларға хабарласыңыз. Топ орнына техтим қатысады, топқа 0 ұпай беріледі.

➤ **Топтардың шығып кетуі мен брейкке құқық...**

Техникалық ақаулықтар туындап, бір спикердің не тұтас топтың шығуына алып келген жағдайда, топтар бір раундты жіберіп, брейк құқығына ие бола алады. Бірнеше раундтарды жіберген жағдайда, брейк құқығы жоғалады.



Ойын барысында мәселе/сұрақ (қарарға қатысты емес, техникалық және тб) пайда болса...

Ондай жағдайда Бас Ұйымдастырушыларға немесе Бас Төрешілерге хабарласу керек

+7 707 391 9012 Аружан

+7 707 344 4171 Ұлпан

**Назарларыңызға рахмет!!!**

